Автор: Бекенбаева Арайлым Нурлыбаевна
Пән: Дүниежүзі тарихы
Сынып: 7-сынып
Бөлім: XIV ғ.- XVI ғ. бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам
Тақырып: Италия және Германияның бірігу жолдары қаншалықты бір-біріне ұқсас болмауы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.3.1.4- әртүрлі елдердің бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттердің (Италия, Германия) қалыптасу маңызын анықтау; 8.3.2.5- тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "либерализм", "консерватизм", "социализм", "марксизм", "ұлтшылдық" ұғымдарын қолдану
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Германия мен Италияның әлеуметтік-экономикалық дамуы, революциялық жағдайы, 1848-1849 жылдардағы революциялардың нәтижелері туралы біледі. Оқушылардың басым бөлігі: 1848-1849 жылдардағы революциялардың мақсаттары мен қорытындыларын ашып көрсетеді, талдайды. Кейбір оқушылар: 1848-1849 жылдардағы революциялардың ұқсастығы мен ерекшеліктерін нақты деректермен түсіндіреді, бағалайды, ой қорытынды жасайды
Тілдік мақсаттар:	Негізгі сөздер мен тіркестер: революциялық жағдай,Франциядағы уақытша үкімет, сайлау құқығы, ұлттық шеберханалар, ұлттық қанау, ұлттық бірігу. Жазылым бойынша ұсыныстар: Сабақ барысында жаңа сөздердің түсіндірмесі, кестелер сызу арқылы дәптермен жұмыстар жүргізіледі.
Күтілетін нәтиже:	Ой сергіту Терминдерді сәйкестендіру Демократия Этникалық құндылықтары мен мақсат-мұраттарын құрметтеуі мен сипатталатын адам санасындағы әлеуметтік-саяси және психологиялық-этникалық құбылыс Либерализм Әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастардың зорлық-зомбылықсыз түрлерін ұстанады, тұлғаның еркін дамуын шектемейтін және әрбіріне мемлекеттік-құқықтық қорғау, адам құқы мен азамат бостандығын сақтау кепілдігін беретін қоғам құруды көздейді Ұлтшылдық Теңдік, сайлау, көпшілік дауыспен шешім қабылдау принциптеріне негізделген ұйымның ұйымдастырылу түрі Социализм Қазіргіні материалистік талдау мен болашақты социалистік тұрғыда елестетуге негізделген К.Маркс пен оның ізбасарларының көзқарастарының жиынтығы Марксизм Жұмысшылар өндістік құрал-жабдықтарға иелік етеді, мемлекеттің жұмысшы табын қолдаудағы ролін арттыру
Бағалау критерийлері:	-Оқушылар терминдерді дұрыс сәйкестендіреді; -Революция болған елдерді анықтап, революцияның туындау себептеріне болжам жасайды; -Топта оқушылар революцияның туындауына ықпал еткен факторларды анықтап, кестеде артықшылығы мен кемшілігін талдайды, қорытынды жасайды;
Құндылықтарды дарыту:	Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Білу, түсіну, талдау, қолдану
Пәнаралық байланыс:	География (Қазіргі Италия мен Германия тақырыптары бойынша)

Бастапқы білім:	Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу. 1.Түрлі түсті стикерлермен 4 топқа бөлемін. Қызыл түс- 1 топ: Франция, Жасыл түс-2 топ: Италия, Сары түс- 3 топ: Германия, Қызғыш түс- 4 топ: Венгрия. Үй тапсырмасын тексеру: М.д. «Иә» немесе «Жоқ» әдісі бойынша оқушылар сұраққа жауап береді. 1) 1815 жылы маусымда Вена конгресінің актісімен Герман одағы құрылды. (Иә) 2) 1835жылы Пруссия бастамасымен 18 мемлекетті біріктіретін Орыс кедендік одағы құрылды. (Жоқ)(1834ж, Неміс) 3) 1870-1880ж.ж. «Темір канцлер» Отто фон Бисмарк. (Иә) 4) «Еркін консерваторлар»партиясы Бисмарктің империялық саясатын қолдады.(Иә) 5) Австрия гегемонияға қарсы күресу үшін1871-1882ж-ы католиктік шіркеу «орталық» партиясын құрды (Жоқ) (Пруссия, 1870-1871ж.ж) 6)1852жылы Луи Наполеон III Наполеон есімімен француздардың императоры болып жарияланды (Иә)7) 1846ж Мәскеу мен Мюнхен көшелерінде баррикадалар басталды (Жоқ) (1848ж, Берллин менМюнхен) 8) XIX ғасыр ортасында Габсбургтер империясы миллиондаған халқы бар мемлекет еді. (Иә)9) Франциядағы революция 1847жылы Сицилиядағы көтерілістен басталды (Жоқ) (Италия, 1848ж)10) 1845жылы наурызда Ломбардия және Венада антиавстриялық көтеріліс басталды(Жоқ) (1848ж Ломбардия және Венеция) Дескриптор: 1 Тарихи оқиғаларды нақты анықтау 1 2 Қай елдегі оқиға екендігін анықтау 1 Жалпы ұпай: 2 2. «Конверт» әдісі бойынша кеспе қағазына жазылған лайықты деңгейдің тапсырмасын жұптық тапсырма ретінде беремін (тапсырманы орындап болған соң топ ішінде бір-бірімен алмасып тексереді) №1 тапсырма. Берілген сұрақтарға 2 дәйек келтіріп, деректермен бекітіңіз. Неліктен Еуропада 1848-1849 жылдары буржуазиялық революциялардың толқыны белең алды? * Дәйек (аргумент)..... *Дерек (факт)..... Дескриптор: Неліктен Еуропада 1848-1849 жылдары буржуазиялық революциялардың толқыны белең алғандығына дәйек пен дерек келтіріп анықтайды. Жалпы ұпай: 2 №2 тапсырма. «Жиынтық кесте» әдісі бойынша толтырады Мемлекеттер Саяси фактор Экономика лық фактор Әлеуметтік фактор Германия Франция Венгрия Италия Дескриптор: 1. Революцияны қалыптастырған саяси факторды анықтайды-1ұпай 2. Революцияны қалыптастырған экономикалық факторды анықтайды-1ұпай 3. Революцияны қалыптастырған әлеуметтік факторды анықтайды-1ұпай Жалпы ұпай: 4 №3 тапсырма. 1848-1849 жылдары Франция, Германия, Италияда болған революцияларды Венн диаграммасында салыстыр. Салыстыру критерийлері: • Мақсаты * Себептері • Жеңістері *Талаптары Жалпы ұпай: 4 № 4 тапсырма. «Өзін-өзі күшейту саясаты» кезінде қандай шаралар жүргізілді? Дескриптор: Сұрақтарға нақты жауап береді-1ұпай Ш.д. Тарихи тұлғалар әдісі бойынша оқушылар тұлғаларды атап, олардың атқарған қызметтеріне анықтама береді. Дескриптор: * Тұлғалардың аты-жөнін дұрыс айту * Тұлғалардың атқарған қызметтеріне анықтама береді Жалпы ұпай: 2 Ой сергіту Терминдерді сәйкестендіру Демократия Этникалық құндылықтары мен мақсат- мұраттарын құрметтеуі мен сипатталатын адам санасындағы әлеуметтік-саяси және психологиялық-этникалық құбылыс Либерализм Әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастардың зорлық-зомбылықсыз түрлерін ұстанады, тұлғаның еркін дамуын шектемейтін және әрбіріне мемлекеттік-құқықтық қорғау, адам құқы мен азамат бостандығын сақтау кепілдігін беретін қоғам құруды көздейді Ұлтшылдық Теңдік, сайлау, көпшілік дауыспен шешім қабылдау принциптеріне негізделген ұйымның ұйымдастырылу түрі Социализм Қазіргіні материалистік талдау мен болашақты социалистік тұрғыда елестетуге негізделген К.Маркс пен оның ізбасарларының көзқарастарының жиынтығы Марксизм Жұмысшылар өндістік құрал-жабдықтарға иелік етеді, мемлекеттің жұмысшы табын қолдаудағы ролін арттыру

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (5мин)	№1 тапсырма. Берілген сұрақтарға 2 дәйек келтіріп, деректермен бекітіңіз. Неліктен Еуропада 1848-1849 жылдары буржуазиялық революциялардың толқыны белең алды? * Дәйек (аргумент)..... *Дерек (факт)..... Дескриптор: Неліктен Еуропада 1848-1849 жылдары буржуазиялық революциялардың толқыны белең алғандығына дәйек пен дерек келтіріп анықтайды. Жалпы ұпай: 2 №2 тапсырма. «Жиынтық кесте» әдісі бойынша толтырады Мемлекеттер Саяси фактор Экономика лық фактор Әлеуметтік фактор Германия Франция Венгрия Италия Дескриптор: 1. Революцияны қалыптастырған саяси факторды анықтайды-1ұпай 2. Революцияны қалыптастырған экономикалық факторды анықтайды-1ұпай 3. Революцияны қалыптастырған әлеуметтік факторды анықтайды-1ұпай Жалпы ұпай: 4 №3 тапсырма. 1848-1849 жылдары Франция, Германия, Италияда болған революцияларды Венн диаграммасында салыстыр. Салыстыру критерийлері: • Мақсаты * Себептері • Жеңістері *Талаптары Жалпы ұпай: 4	карта

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (10мин)	Жаңа сабақтың мақсатымен материалды қысқаша түсіндіремін Германия мен Италияның бірігулерінің ұқсастықтары: 1.Елдің бытыраңқылығы екі елдің одан әрі дамуына кедергі келтірді. 2.Екі мемлекеттің басқа мемлекеттің ықпалында болуы: Германия - Австрияның, ал Италия - Австрияның, Франция- Испанияның. 3. Ұлттық мемлекет құрудың аяқталуы бір уақытта орнатылды: 1870 жылы - Италияда, Германияда - 1871 жылы. 4. Бұл елдердің бірігіуі ағартушылық дәуірі идеясының әсерінің нәтижесінде жүзеге асты: ұлттардың еркіндігі, абсолютизмді жою, ұлттық буржуазияның азаматтық құқықтарының кеңеюі. Германия мен Италияның бірігу үдерісіндегі айырмашылықтар: 1.Германияның «жоғарыдан» бірігуі, соғыс және Пруссия жүргізген реформалар арқылы. Италияны бірігуі «төменнен» (революциялық жолмен) және үкімет тарапынан «жоғарыдан» (реформалық жолмен) қолдауымен ұлттық азаттық күрес арқылы орнатылды . 2. Германиядағы бірігу процесінің басты қатысушылары буржуазияның, халық бұқарасының, либералды феодалдардың және буржуазияның қолдауымен пруссиялық жер иелері болды. 3.Италияда XIX ғ. басында карбонарийлердің жасырын революциялық қоғамдары құрылды, олардың мақсаты: елді азат ету және біріктіру болды. Мәтінмен жұмыс. №1 тапсырма. Ж. Оқушылар Германия мен Италияның бір орталыққа бірігуі туралы мәтінді оқып, тірек-сөздерді дәптерге жазып алады. №2 тапсырма. Ой қозғау Германия мен Италияны әр түрлі саяси және әлеуметтік топтарға біріктірудің салдарын анықтап, кестенің тиісті бағанына «+» белгісін қойыңыз: Мәртебесі артты Мәртебесі өзгермеді Мәртебесі төмендеді Мәртебесі төмендеді Монарх Үкімет басшысы Депутаттар Аристократия өкілдері Буржуазия Студенттер, интеллигенция Жұмысшылар табы Шаруалар Дескрипторлар: 1.Германия мен Италияны саяси біріктірудің салдарын анықтайды 2. Германия мен Италияны әлеуметтік топтарға біріктірудің салдарын анықтайды Жалпы ұпай: 2 Т-1.«Триада» әдісі бойынша талдаулар жасау: «Триада» әдісінде– оқушылар үш жолақты кестені толтыру арқылы ұсынылған мәселенің ерекшелігімен маңыздылығын анықтайды. Бірінші жолақта мәселе, екіншіде – ерекшелігі, үшіншіде – маңыздылығы ұсынылады.	карта
Сабақтың соңы (15мин)	Т-4. Мәтіннің негізінде «Пирамида» кестесін толтыр. 1.Мемлекет, уақыты 2. Ерекшеліктері 3. Мемлекеттің бірігуіне атсалысушылар 4. Буржуазияның рөлі 5. Жұмысшылардың рөлі 6. Интеллигенцияның рөлі 7. Нәтижесі 8. Сіздің пікіріңіз Оқушыларды мадақтама сөздермен, смаиликтермен, басбармақ әдісі, өзара, топ ішінде, топаралық бағалаулар жүргіземін Кері байланыс: «Қосу – Алу -Қызықты» «Қосу»бағанына-бүгінгі сабақта мен білдім жазылады. «Алу»бағанына - бүгінгі сабақта түсініксіз болған ақпараттар жазылады. «Қызықты»бағанына –сабақта білген және білгісі келген қызықты деректерді, мұғалімге қойғысы келген сұрағын жазуға болады. Қосу (+) Алу (-) Қызықты	карта
Рефлексия (3-5мин)	Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз. Сабақтың мақсаты шынайы. Германия мен Италия мемлекеттерінің бір орталыққа бірігуінің ерекшелігін кестеде талдап жазып, өз көзқарастарын білдіре алды. Топта ынтымақтаса жұмыс жасап, өз тапсырмаларын өте жақсы қорғап шықты.	карта